

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

КЕЛІСІЛДІ  
«Агроинженерия-ГӨО» ЖШС  
Басқарма төрағасының орынбасары  
Д. Карманов  
« 2024 ж.

БЕКІТЕМІН  
Басқарма Төрағасы - Ректор  
А. Куришбаев  
« 03 2024 ж.

КЕЛІСІЛДІ  
«Ауритех» ЖШС директоры  
А. Адильшеев  
« 2024 ж.

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

«6B08701 – Аграрлық техника және технология»

Берілетін дәреже: «6B08701 – Аграрлық техника және технология»  
білім беру бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы бакалавры

АЛМАТЫ 2024

«Аграрлық техника және механикалық инженерия» кафедрасының отырысында талқыланды

№ 6 хаттама « 12 » 01 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі Жумагулов Ж. Жумагулов

«Инженерлік - техникалық» факультетінің академиялық комитеті отырысында карастырылды

№ 6 хаттама « 26 » 01 2024 ж.

Факультеттің АК төрағасы У. Ибишев У. Ибишев

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде карастырылып, Ғылыми Кеңеске ұсынылды

№ 4 хаттама « 01 » 02 2024 ж.

Университеттің ОӘК төрағасы А. Абдыров А. Абдыров

Білім беру бағдарламасы ҚазҰАЗУ Ғылыми Кеңесінде бекітілді

№ 9 хаттама « 01 » 03 2024 ж.

**Құрастырушылар:**

Факультет деканы

Л. Алдибаева  
Ж. Жумагулов

Л. Алдибаева

Кафедра меңгерушісі

Қ. Қалым

Ж. Жумагулов

Қауымдастырылған профессор

С. Сариев  
А. Жанұзақ

Қ. Қалым

АТТ-20-01К тобының студенті

С. Сариев

2023 жылғы түлек

А. Жанұзақ

**Жұмыс беруші:**

«Агроинженерия ҒОО» ЖШС

Д. Карманов

Д. Карманов

Басқарма төрағасының орынбасары

«АуылТех» ЖШС директоры

А. Адильшеев

**Келісілді:**

Білім беру бағдарламаларын  
жобалау офисінің бастығы

Ж. Кусайнова

Ж. Кусайнова

## **Қолдану саласы**

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ «6B08701-Аграрлық техника және технология» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврларды даярлауды жүзеге асыруға арналған.

### **Нормативтік құжаттар**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 заңы;

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы;

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы;

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазан № 563 бұйрығы;

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және алып тастау алгоритмі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 665 бұйрығы;

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 12 қазандағы № 106 бұйрығы. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары іске асыратын білім беру бағдарламаларының тізілімін жүргізу қағидалары, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу мен одан алып тастау негіздері.

Кәсіптік стандарттар "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасы орынбасарының 11.12.2018 ж. № 339 бұйрығына №72 қосымша.

«Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге және жануарларды өсіруге ықпал ететін қызмет және егінді өңдеу жөніндегі қызмет» кәсіби стандарты ("Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының міндетін атқарушының 2023 жылғы 3 сәуірдегі № 65 бұйрығына № 1 қосымша).

## 1. Оқу бағдарламасының паспорты

Білім беру саласының коды және атауы	6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар
Даярлау бағытының коды және атауы	6B087 Агроинженерия
Білім беру бағдарламасының коды және атауы	6B08701 – Аграрлық техника және технология
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Инновациялық технологиялар мен техникалық құралдарды пайдалана отырып, АӨК саласында тракторларды, машиналар мен жабдықтарды, өндірістік және техникалық пайдалануды ұйымдастыру және басқару үшін мамандар даярлау
БХСК бойынша деңгейі	6
ҰБШ бойынша деңгейі	6
СБШ бойынша деңгейі	6
Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	KZ89LAA00031870 2021 жылғы 05 тамыз №004
Білім беру бағдарламасын аккредиттеу Аккредиттеу өткізген мекеме атауы Аккредиттеу мерзімі	Сертификат №2020 КЕ 0277 KAZSEE 23.12.2020 -22.12.2025ж.
Берілетін дәреже	6B08701 – Аграрлық техника және технология білім беру бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы бакалавры
Оқыту нәтижелері	2 кесте
Біліктілік пен лауазымдар тізбесі	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ауыл шаруашылық құрылымдарының барлық түрлеріндегі машина ауласының меңгерушісі;</li> <li>- ауыл шаруашылығы құрылымдарының, автокөлік кәсіпорындары мен техникалық қызмет станцияларының барлық түрлеріндегі механикалық-жөндеу шеберханасының меңгерушісі;</li> <li>- ауыл шаруашылығы құрылымдарының, автокөлік кәсіпорындары мен техникалық сервис кәсіпорындарының барлық түрлеріндегі жанар-жағармай материалдары жөніндегі инженер;</li> <li>- ауыл шаруашылығы құрылымдарының барлық түрлеріндегі жоғары сыйымдылықты еңбекті қажетсінетін процестерді механикаландыру жөніндегі инженер;</li> <li>- ауыл шаруашылығы құрылымдары мен техникалық сервис кәсіпорындарының барлық түрлерінде машина-трактор паркін пайдалану жөніндегі инженер;</li> <li>- ауыл шаруашылық білім беру мекемелерінде оқытушы;</li> <li>- аграрлық техника және технологиялар бағыты бойынша ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдарында ғылыми қызметкер.</li> </ul>
Кәсіби қызмет саласы	<ul style="list-style-type: none"> <li>- машина-трактор паркін өндірістік және техникалық пайдалануды ұйымдастыру;</li> <li>- машина-трактор паркінде жөндеуді, техникалық қызмет көрсетуді және сақтауды ұйымдастыру;</li> <li>- машиналарды пайдалануды жақсарту жоспары мен машина пайдалану жөніндегі іс-шаралар жоспарының кестесін әзірлеу;</li> <li>- машина-трактор паркін мұнай өнімдерімен қамта-</li> </ul>

	<p>масыз етуді басқаруды ұйымдастыру;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мал шаруашылығы фермалары мен кешендеріне механикаландырылған және автоматтандырылған құралдарын енгізу және қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;</li> <li>- өсімдік және мал шаруашылығындағы механикаландырылған технологияларды, машиналарды, жабдықтарын және олардың кешендерін жобалау;</li> <li>- материалдық-техникалық қамтамасыз ету және жаңа ауыл шаруашылығы техникасын жеткізуді ұйымдастыру.</li> </ul>
Кәсіби қызмет саласы мен нысаны	<ul style="list-style-type: none"> <li>- барлық үлгідегі ауыл шаруашылығы құрылымдары (фермерлік, шаруа қожалықтары және олардың кооперативтері);</li> <li>- машина-технологиялық станциялар (МТС);</li> <li>- әлеуметтік-кәсіпкерлік кешендер (ӘКК);</li> <li>- өңдеуші және жабдықтаушы кәсіпорындар мен зауыттар;</li> <li>- жобалаушы және конструкторлық ұйымдар;</li> <li>- көлік және технологиялық машиналардың техникалық пайдалануы мен сервисін ұйымдастыру;</li> <li>- диллерлік орталықтар;</li> <li>- автопарктер;</li> <li>- аудандық, облыстық және республикалық ауыл шаруашылығын басқару мекемелері;</li> <li>- техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары (колледждер, ЖОО);</li> <li>- ғылыми-зерттеу ұйымдары (ҒЗИ).</li> </ul>
Кәсіби қызметінің функциялары	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімдерінің механикаландырылған өндірісін ұйымдастыру;</li> <li>- ауыл шаруашылығы техникасын өндірістік және техникалық тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін машина-трактор паркін пайдалануды ұйымдастырудың операциялық технологиясын әзірлеу және іске асыру;</li> <li>- ресурс және энергия үнемдейтін машиналар мен технологияларды, жабдықтар мен олардың кешендерін енгізуді қамтамасыз ету;</li> <li>- өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша кәсіпорындардың технологиялық процестерін іске асыру;</li> <li>- машиналар, жабдықтар және олардың кешендерін, өсімдік және мал шаруашылығында механикаландырылған технологияларды әзірлеу және олардың сапалық және энергетикалық көрсеткіштерін, өндірістік-экономикалық бағалауды зерттеу;</li> <li>- қауіпсіздік техникасы ережелерін және қоршаған ортаны қорғаудың нормативтік құжаттарын бақылауды жүзеге асыру.</li> </ul>
Кәсіби қызметтің түрлері	<p><b>1. Бағалау:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді инженерлік-техникалық қамтамасыз ету, сақтау және қайта өңдеу кезіндегі шығындарды бағалау;</li> <li>- агроқұрылымдардың жұмыс істеу тиімділігін</li> </ul>

	<p>бағалау үшін материалдарды жинау мен талдауды жүзеге асыру.</p> <p><b>2. Конструктивтік:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- машиналардың жұмыс органдары мен тораптарын есептеу және құрастыру, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, сақтау және қайта өңдеу, сондай-ақ машиналар мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсету бойынша технологиялық карталарды жасау;</li> <li>- әзірленген тораптардың, машиналар мен кешендердің, энергетикалық және экономикалық көрсеткіштерін сапалық бағалау бойынша зерттеу жұмысын жүргізу.</li> </ul> <p><b>3. Ақпараттық технологиялар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу, машиналар мен олардың кешендерін таңдау, ауыл шаруашылығы техникасын, өндіру, өңдеу және сақтау кезінде технологиялық жабдықтарды жоғары тиімді пайдалануды ұйымдастыру;</li> <li>- қазіргі заманғы техниканы пайдалану және техникалық қызмет көрсету, кіріс шикізатының сапасын бақылау, өңделетін өнім мен технологиялық процестердің параметрлерін өндірісте бақылауды жүзеге асыру;</li> <li>- тірі биологиялық объектілермен тікелей жанасатын машиналар мен жабдықтарды монтаждау, баптау, олардың жұмыс режимдерін және электрлендірілген технологиялық процестердің берілген параметрлерін сақтау;</li> <li>- ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу кәсіпорындарының қалдықтарын пайдалану және кәдеге жарату;</li> <li>- ресурстарды үнемдейтін машиналық технологиялар негізінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, сақтауды, тасымалдауды және қайта өңдеуді ұйымдастыру;</li> <li>- машиналардың, механизмдердің және технологиялық жабдықтардың жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету;</li> <li>- орындаушы ұжымының жұмысын ұйымдастыру, қоршаған ортаны қорғау және тіршілік қауіпсіздігі талаптары аясында негізделген басқару шешімдерін қабылдау.</li> </ul>
Құзыретті болу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қазақ және шет тілдерін, қарым-қатынас технологиясы саласындағы білімді, коммуникация стратегиясын, конструктивті диалог дағдысы мен дағдыларын меңгеру;</li> <li>- математикалық, жаратылыстану-ғылыми және техникалық пәндердегі іргелі білімдерін көрсете отырып, дүниетанымы мен ойлау мәдениеті жоғары жоғары білімді тұлғаны қалыптастыруға ықпал етуге;</li> <li>- кәсіби қызметке пайдалану ретінде ақпараттық технологияларды (цифрлық) қолдана білу және уақытша аспаптық құралдарды пайдалана отырып, бағдарламалаудың бастапқы дағдыларын меңгеруге;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"><li>- ресурстарды және энергия үнемдейтін машиналарды, технологияларды, жабдықтарды, кешендерді және цифрландыруды енгізуді қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығы өндірісінің технологиясын кәсіби деңгейде қолдануға;</li><li>- қауіпсіздік техникасы ережелерін және қоршаған ортаны қорғаудың нормативтік құжаттарын, ішкі және сыртқы нарыққа, бәсекеге қабілетті өндірісті ұйымдастырушылыққа, ауыл шаруашылығы өнімдерін бақылауға;</li><li>- кәсіби қызмет саласындағы жобаларды әзірлеуге;</li><li>- өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бойынша кәсіпорындардың технологиялық процестерін жобалауға;</li><li>- әртүрлі ауыл шаруашылығы құрылымдарының (фермерлік және шаруа шаруашылықтары, фирмалар, кәсіпорындар), машина-технологиялық станциялардың, элеуметтік-кәсіпкерлік кешендердің, өңдеуші және жабдықтаушы кәсіпорындар мен зауыттардың, жобалау және конструкторлық ұйымдардың, көлік-технологиялық машиналардың, автопарктердің техникалық пайдалануы мен сервисінің қызметін, сондай-ақ аудандық, облыстық және республикалық ауыл шаруашылығын басқару мекемелерінің жұмысын ұйымдастырып істеуге.</li></ul>
--	---

## 2. Пәндер бойынша оқу нәтижелері

Кодтар	Оқыту нәтижелері
ОН1	Кең ой-өріс дағдылары бар жоғары білімді тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін жаратылыстану, әлеуметтік-гуманитарлық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, экологиялық және экономикалық пәндер саласындағы базалық білімді қолдану.
ОН2	Негізгі өндірістік ресурстарды құндық бағалау қағидаттарының маңыздылығын және нарықтық экономика жағдайында кәсіптік қызметтің әртүрлі салаларында кәсіпкерлік қызметті жүргізу үшін ұйымның экономикалық талдау элементтерін, экономикалық және заңнамалық негіздерін қолдануды түсіне білу.
ОН3	Кәсіби қызметте жаратылыстану-ғылыми пәндердің негізгі заңдарын пайдалана отырып, типтік міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді, ақпараттық, компьютерлік және желілік технологияларды пайдалана отырып, әртүрлі дереккөздер мен дерекқорлардан ақпаратты іздеуді, сақтауды, өңдеуді және талдауды жүзеге асыруды қолдану.
ОН4	Ауыл шаруашылығындағы жұмыстарды орындау технологиялары мен тәсілдері туралы ақпаратты жинауды және түсіндіруді, АӨК-де цифрландыруды жүзеге асыру, топырақтың құрылымын, негізгі мәдени өсімдіктерді, ауыл шаруашылығы жануарларының тұқымдарын және оларды өсіру мен күтіп-ұстау тәсілдерін білу.
ОН5	Параллель проекциялау арқылы алынған кескіндерді қолдана отырып, AutoCAD компьютерлік бағдарламалары мен компьютерлік модельдеу арқылы жалпы көріністің сызбаларын орындап есептерді шеше білу.
ОН6	Конструкциялық материалдар мен оларды өңдеу тәсілдерін таңдауда, сондай-ақ бұйымдардың өзара ауыстырымдылық және олардың өлшеу құралдары мен өлшеу тәсілдерінде алған білімі мен дағдыларын қолдана білу.
ОН7	Механизмдер мен машина бөлшектерінің оңтайлы параметрлері мен жұмыс режимдерін негіздеу үшін теориялық және қолданбалы механика саласындағы білімі мен түсініктерді көрсете білу.
ОН8	Ауыл шаруашылығында, ауыл шаруашылығы және мал шаруашылығы машиналарында электр жабдықтарының жұмыс режимдерін қамтамасыз ету үшін электротехника, гидравлика және жылу техникасы туралы теориялық және практикалық білімді қолдану.
ОН9	Өндірістік жағдайларда тракторларды, автомобильдерді және ауылшаруашылық машиналарын тиімді пайдалану, сондай-ақ технологиялық операцияларды орындау үшін мал шаруашылығын механикаландыру үшін теориялық және практикалық басқару дағдыларын меңгеру.
ОН10	Кәсіби қызметтің әртүрлі саласындағы құқықтық-сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім негіздерінің маңызы мен қағидаларын түсіну, төтенше жағдайлар кезінде алғашқы көмек көрсету тәсілдері мен әдістерін қолдану, қауіпсіздік техникасы, еңбекті және табиғатты қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік-құқықтық ақпаратты талдау.
ОН11	Ғылыми зерттеулердің әдістерін білу және оларды механикаландырылған жұмыстың операциялық технологиясын әзірлеуде, механикаландырылған ағынды технологиялық желілерді жобалауда; машиналар мен агрегаттарды тиімді өндірістік және техникалық пайдалануды ұйымдастыруда; олардың тозған бөлшектерін қалпына келтіре отырып, машиналар мен жабдықтарға техникалық қызмет көрсетудің, жөндеудің тиімді технологияларын қолдану.
ОН12	Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу және сақтау саласында, сондай-ақ агроөнеркәсіп өндірістерін жобалау бойынша теориялық және практикалық білімді меңгеру.



### 3. Білім беру бағдарламасының мазмұны «БВ08701 - Аграрлық техника және технология»

Модульдің шифрі	Модульдің атауы	Пәннің циклы	Пәннің компоненті	Пәннің коды	Пәннің атауы	Академиялық кредиттер	Оқудың академиялық мерзімдегі			Сағаттар саны						Кредиттерді академиялық мерзімге бөлу									
							Экзамены	Дифференциалды сынақ	Курстық жұмыс/жоба	Барлығы	Дәрісханалық жұмыс				СӨЖ		1 курс		2 курс		3 курс		4 курс		
											Дәрістер	Лабораториялық	Тәжірибелік	Студиялық сағаты	Практика	СӨЖ	СӨЖ	1	2	3	4	5	6	7	8
																		Академиялық мерзімдегі апталар саны							
15	15	15	15	15	15	15	15																		
<b>Жалпы модульдер/Общие модули/General modules</b>																									
1	Гуманитарлық және тілдік модулі/ Гуманитарный и языковой модуль/ Humanities and Language module	ЖБП/ ООД/ GER	МК/ ОК/ CS	ShT/ IYa/ FL 1102	Шетел тілі/ Иностранный язык/ Foreign language	5	1	1		5/150		45		30	75	5.0									
2		ЖБП/ ООД/ GER	МК/ ОК/ CS	KOT/ KRYa/ KRL 1103	Қазақ (Орыс) тілі / Казахский (Русский) язык/ Kazakh (Russian) language	5	1	1		5/150		45		30	75	5.0									
3		ЖБП/ ООД/ GER	МК/ ОК/ CS	KT/ IK/ HK 1101	Қазақстан тарихы (МЕ)/ История Казахстана (ГЭ)/ History of Kazakhstan	5	1	1		5/150	15		30		30	75	5.0								
4		ЖБП/ ООД/ GER	МК/ ОК/ CS	K(O)T/ KRYa/ KRL 1106	Қазақ (Орыс) тілі / Казахский (Русский) язык/ Kazakh (Russian) language	5	2	2		5/150			45		30	75	5.0								
5		ЖБП/ ООД/ GER	МК/ ОК/ CS	ShT / IYa/ FL 1105	Шетел тілі/ Иностранный язык/ Foreign language	5	2	2		5/150			45		30	75	5.0								
6		ЖБП/ ООД/ GER	МК/ ОК/ CS	FiI/ Phil 2109	Философия/ Philosophy	5	3	3		5/150	15		30		30	75	5.0								
7	Әлеуметтік-саясаттану білім және салауатты өмір салты модулі/ Модуль социально-политических знаний и здоровый образ жизни/ Module of Socio-political knowledge and	ЖБП/ ООД/ GER	МК/ ОК/ CS	DSh / FK/ PT 1104	Дене шынықтыру/ Физическая культура/ Physical Training	2	1	1		2/60		30		30		2.0									
8	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)/ Модуль социально-политических знаний (социология, политология, культурология, психология)/ Module of socio-political knowledge (sociology, political science, cultural studies, psychology)	ЖБП/ ООД/ GER	МК/ ОК/ CS	ASBMASMP / MSPZSPKP/ MSPK SPSCSP 1107	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)/ Модуль социально-политических знаний (социология, политология, культурология, психология)/ Module of socio-political knowledge (sociology, political science, cultural studies, psychology)	8	2	2		8/240	30		45		60	105	8.0								













<b>Profession requirements(VRS)</b>																					
	Міндетті компонент(Беп/МК)/ Обязательный компонент(ПД/ОК)/ Core subjects(VRS/CS)	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	
	ЖОО компоненті(Беп/ЖК)/ Вузовский компонент(ПД/ВК)/ University component(VRS/UC)	47	7	0	0	1410	105	120	120	0	100	210	755	0	0	0	6	5	10	10	16
	Таңдау бойынша компонент(Беп/ТК)/ Компонент по выбору(ПД/КВ)/ Electives(VRS/ES)	21	4	0	0	480	45	45	60	0	0	90	240	0	0	0	0	0	0	15	6
<b>Оқу жоспары бойынша барлығы/ Итого по учебному плану/ Total on curriculum</b>		<b>236</b>		<b>0</b>	<b>0</b>	<b>6930</b>	<b>540</b>	<b>420</b>	<b>1065</b>	<b>0</b>	<b>170</b>	<b>1320</b>	<b>3415</b>	<b>32</b>	<b>32</b>	<b>30</b>	<b>30</b>	<b>30</b>	<b>30</b>	<b>30</b>	<b>22</b>
<b>4</b>	<b>Оқытудың қосымша түрлері/ Дополнительные виды обучения/ Additional courses</b>										<b>Кредиттер са- ны/ Количество кредитов/ Number of credits</b>	<b>Академиялық кезен/ Академический период/ Academic period</b>	<b>Сағаттар саны/ Количество часов/ Number of hours</b>	<b>Апта саны/ Количество недель/ Number of weeks</b>							
<b>5</b>	<b>Қорытынды аттестаттау модулі (ҚАМ)/ Модуль итоговой аттестации (МИА)/ Module of final certification (MoFC)</b>										<b>8</b>		<b>240.0</b>								
<b>Қорытынды ҚА ескерілуімен/ Итого с уч. ИА/ Total including FC</b>											<b>244</b>		<b>7320.0</b>								



<sup>1</sup> Ескерту:

№	Факультет / Кафедра	
	ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ	ОРЫС ТІЛІНДЕ
<b>I</b>	<b>Агробиология</b>	<b>Агробиология</b>
1	Агрономия, селекция және биотехнология	Агрономия, селекция и биотехнология
2	Жеміс-көкөніс шаруашылығы, өсімдік қорғау және карантин	Плодоовощеводство, защита растений и карантин
3	Топырақтану, агрохимия және экология	Почвоведение, агрохимия и экология
<b>II</b>	<b>Ветеринария</b>	<b>Ветеринария</b>
4	Акушерлік, хирургия және өсіп-өну биотехнологиясы	Акушерство, хирургия и биотехнология воспроизводства
5	Биологиялық қауіпсіздік	Биологическая безопасность
6	Клиникалық ветеринариялық медицина	Клиническая ветеринарная медицина
7	Микробиология, вирусология және иммунология	Микробиология, вирусология и иммунология
8	Ветеринариялық санитариялық сараптау және гигиена	Ветеринарная санитарная экспертиза и гигиена
9	Н.У.Базанова атындағы «Физиология, морфология және биохимия»	«Физиология, морфология и биохимия» имени Н.У.Базановой
<b>III</b>	<b>Су, жер және орман ресурстары</b>	<b>Водные, земельные и лесные ресурсы</b>
10	Орман ресурстары, аңшылықтану және балық шаруашылығы	Лесные ресурсы, охотоведение и рыбное хозяйство
11	Жер ресурстары және кадастр	Земельные ресурсы и кадастр
12	Су ресурстары және мелиорация	Водные ресурсы и мелиорация
<b>IV</b>	<b>«Бизнес және құқық» жоғары мектебі</b>	<b>Высшая школа «Бизнес и право»</b>
13	Есеп, аудит және қаржы	Учет, аудит и финансы
14	Х.Д.Чурин атындағы «Менеджмент және агробизнесі ұйымдастыру»	«Менеджмент и организация агробизнеса» имени Х.Д.Чурина
15	Құқық	Право
<b>V</b>	<b>Зооинженерия және тағам өндірісінің технологиясы</b>	<b>Зооинженерия и технология пищевых производств</b>
16	Зооинженерия	Зооинженерия
17	Тағам өнімдерінің технологиясы және қауіпсіздігі	Технология и безопасность пищевых продуктов
<b>VI</b>	<b>Инженерлік-техникалық</b>	<b>Инженерно-технический</b>
18	Аграрлық техника және механикалық инженерия	Аграрная техника и механическая инженерия
19	И.В.Сахаров атындағы «Машина пайдалану»	«Машиноиспользование» имени И.В.Сахарова
20	Энергия үнемдеу және автоматика	Энергосбережение и автоматика
21	IT-технологиялар және автоматтандыру	IT-технологий и автоматизация
<b>VII</b>	<b>Басқарма Төрағасы - Ректордың орынбасары</b>	<b>Заместитель Председателя Правления - Ректора</b>
22	Жалпы білім беру пәндер	Общеобразовательные дисциплины
23	Дене тәрбиесі және спорт	Физическое воспитание и спорт
24	Әскери кафедра	Военная кафедра

#### 4. Модульдердің құзыреттер картасы

Код-тар	Модуль	Жалпы білім беретін құзыреттіліктер	Оқу нәтижелері
ҚК1	Гуманитарлық және тілдік модулі	Білім алушыларды фундаментальді деректанулық және тарихнамалық материалдармен, сондай-ақ қазіргі Қазақстан тарихы ғылымының жетістіктермен таныстыруға; Қазақстан тарихының гуманитарлық білім беру жүйесіндегі орнын анықтауға; дамудың заманауи кезеңіндегі өзекті мәселелерді талдау үшін Қазақстан тарихының нысаны мен пәнінің ерекшелігін анықтауға; Ұлы Дала аумағындағы мемлекеттік формалары мен өркениеттердің эволюциясын, қазақ халқы этногенезінің негізгі кезеңдерін толық және объективті көрсетуге негізделген Қазақстан тарихының ғылыми-негізделген тұжырымдамасын жасауға; Қазіргі Қазақстан тарихының оқиғалары туралы білімдерді жүйелеуге қалыптастыруға бағытталған;	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдерін білу мен түсіну бойынша білімін көрсету;</li> <li>- сыни талдау негізінде тарихи өткеннің құбылыстары мен оқиғаларын адамзат қоғамының дүниежүзілік тарихи дамуының ортақ ұстанымдарымен ұштастыра білу;</li> <li>- қазіргі Қазақстандағы құбылыстар мен тарихи үдерістері зерттеу барысында аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын игеру;</li> <li>- заманауи қазақстандық даму үлгісінің ішкі ерекшеліктерін объективті және жан-жақты зерделей білу;</li> <li>- Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру.</li> </ul>
ҚК 2		болашақ маманның тұлғалық дүниетанымы, азаматтық және адамгершілік ұстанымдары негізінде әлеуметтік-мәдени дамуының қалыптасуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттілік жүйесін қалыптастырады;	<ul style="list-style-type: none"> <li>- қоршаған болмысты, табиғи және әлеуметтік әлемді, ғылыми және философиялық әдістермен тануды, ғылыми пайымдауды және зерделеуді қамтамасыз ететін философия негіздері білімімен қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде бағалау;</li> <li>- мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен өзіндік ерекшеліктерін түсіндіру;</li> <li>- бүкіл әлеуметтік және өндірістік салаларда болып жатқан жағдайларға берген өз бағасын дәлелдеу;</li> </ul>
ҚК 3		тұлға аралық мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас қабілетін дамытады;	<ul style="list-style-type: none"> <li>- тұлғааралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіби) қарым-қатынас міндеттерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша нысандарда байланысқа түсу;</li> <li>- грамматикалық білім жүйесі негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын пайдалануды жүзеге асыру; қарым-қатынас жағдайларына сәйкес ақпаратты талдау;</li> </ul>
ҚК 4	Кәсіби және коммуникативті модулі	өз өмірінде және барлық қызмет салаларында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықпен дамытуға ықпал етеді;	<ul style="list-style-type: none"> <li>- коммуникация қатысушыларының іс-әрекеттері мен қылықтарын бағалау.</li> <li>- жеке қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әр түрлі түрлерін пайдалану; интернет-ресурстар, іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және ақпаратты тарату бойынша</li> </ul>

			бұлтты және мобильді сервистерді пайдалану;
<b>ҚК5</b>		Сыбайлас жемқорлыққа төзбеу және құқық пен заңға құрметпен қарау.	<ul style="list-style-type: none"> <li>- оқиғалар мен іс-әрекеттері құқықтық реттеу саласы тұрғысынан талдау және қажетті нормативтік актілерді қолдана білу;</li> <li>- қолданыстағы заңдарға бейімделу;</li> <li>- заңды пайдалана отырып, өз құқықтары мен мүдделерін қорғау</li> <li>- құқықтық сана, құқықтық ойлау және құқықтық мәдениет негізінде дамыған кәсіптік қызметті жүзеге асыру;</li> <li>- заңға сәйкес келетін шешім қабылдау және заңдық әрекеттер жасау.</li> <li>- жеткілікті деңгейде құқықтық саналы болу;</li> <li>- этикалық тұрғыдан кәсіби қызметтің фактілері мен құбылыстарын бағалай білу;</li> <li>- нақты өмір жағдайларында адамгершілік қағидалары мен мінез-құлық нормаларын қолдану.</li> </ul>
<b>ҚК6</b>		экономика базалық біліміне сәйкес ақпаратты қабылдау және талдауда құзыретті болуы керек; экономикалық білім негіздерін әр-түрлі қызмет салаларында пайдалану; ситуациялық және практикалық міндеттерді шешу кезінде алған білімдерін қолдануға қабілетті болу, нормативтік-құқықтық актілерді, теориялық ережелер мен құқық нормаларын қолдануда құзіретті болу керек.	<ul style="list-style-type: none"> <li>- экономиканың қызмет етуінің іргелі мәселелерін білу, экономикалық заңдардың әрекет ету механизмін және көріністерін, сондай-ақ жетекші мектептер мен экономикалық ғылым бағыттарының негізгі ерекшеліктерін;</li> <li>- экономикалық терминдер және категорияларды меңгеру және оларды оқу процесінде қолдану;</li> <li>- әлемдік және отандық экономика тарихының негізгі оқиғаларын білу және түсіну, "Қазақстан - 2050" стратегиясы іске асыру барысында болып жатқан реформаларды білу, қазіргі заманғы бизнес саласының даму үрдістерін.</li> <li>- әр түрлі нарықтық құрылымдардағы нарықтық агенттердің мінез-құлқын салыстыру және ажырату;</li> <li>- макроэкономикалық нарықтардағы экономикалық агенттердің өзара әрекетін түсіндіру;</li> <li>- әр түрлі елдердегі макроэкономикалық саясаттың нәтижелілігін салыстыру;</li> <li>- қазіргі заманғы макроэкономикалық құбылыстардың өзіндік көзқарастарын дәлелдеу;</li> <li>- Қазақстанда жүргізіліп жатқан экономикалық реформалардың нәтижелерін бағалау үшін практикада алынған білімін пайдалану.</li> <li>- адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін білу;</li> <li>- Қазақстан Республикасындағы әрекет етуші негізгі нормативтік құқықтық актілерді білу, олардың қолдану аясын дұрыс түсіну;</li> <li>- халықаралық заңдылықтарды білу;</li> <li>- мемлекеттік басқару органдарының жүйесін және олардың өкілеттік</li> </ul>

			<p>шенберін білу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-материалдық және іс-жүргізу құқығының өзара әрекеттесу механизмін түсіну;</li> <li>-қазіргі қоғам өміріндегі құқықтың ролі мен маңызын түсіну;</li> <li>-қолданыстағы заңнаманы бағдарлай білу;</li> <li>-заңды қолдана білу, өз құқықтары мен мүдделерін қорғай алу.</li> </ul>
<b>ҚК7</b>		<p>Аз қалдықты өндірістерді іске асыру және шаруашылық қызметінің экологиялық тиімділігін бағалау әдістерін қолдану саласында құзыретті болу.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- экология саласында табиғатты ұтымды пайдаланудың негізгі терминдерінің мазмұнын білу; қазіргі заманғы жаһандық және өңірлік экологиялық проблемаларды және оларды шешу жолдарын;</li> <li>- ықтимал экологиялық проблемаларды шешу және болжау үшін экологиялық білімдерін қолдана білу;</li> <li>- аз қалдықты өндірістерді және шаруашылық қызметінің экологиялық тиімділігін бағалауды іске асыру әдістерін қолдану.</li> <li>- қоғам мен табиғат құбылыстары арасында туындайтын себеп-салдарлы байланыстарды орнату.</li> <li>- орын алуы мүмкін экологиялық проблемаларды шешу және болжау үшін экологиялық білімді қолдану.</li> </ul>
<b>ҚК8</b>		<p>Алған білімін машиналар мен жабдықтарды пайдалану қауіпсіздігі мен сенімділігі мәселелерін шешу үшін және қызметкерлерді әлеуметтік қорғау мәселелерін білу үшін қолдануға мүмкіндік беру.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- өндірістік қауіпсіздік, еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және азаматтық қорғау бойынша негізгі заңнамалық актілерді білу;</li> <li>- алған білімін машиналар мен жабдықтарды қолдану қауіпсіздігі мен сенімділігі мәселелерін шешу үшін пайдалану;</li> <li>- техниканы және технологиялық жабдықтарды төтенше жағдайларға ұшырауы тұрғысынан бағалау қабілеті.</li> </ul>
<b>ҚК9</b>	<b>Әлеуметтік-саясаттану білім және салауатты өмір салты модулі</b>	<p>Өзін-өзі дамыту және өмір бойы білім алу дағдыларын қалыптастырады;</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психологиялық базалық білімді ескере отырып, тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас әр түрлі салаларындағы жағдайларға баға беру.</li> <li>- интеграциялық процестердің қазіргі заманғы өнімі ретінде аталмыш ғылымның білімдерін синтездеу;</li> <li>- ғылыми әдістерді және нақты ғылымды зерттеу тәсілдерін пайдалану, сондай-ақ бүкіл әлеуметтік-саяси кластерді;</li> <li>- өзіндік адамгершілік және азаматтық ұстанымын қалыптастыру;</li> <li>- қазақстан қоғамының қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және этикалық нормаларын пайдалану;</li> <li>- тұлғалық және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсету;</li> <li>- әлем мойындаған қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласында</li> </ul>

			білімдерін қолдану; - талдау және таңдау әдіснамасын жүзеге асыру; - зерттеу нәтижелерін қорыту; - жаңа білімді синтездеу және гуманитарлық қоғамдық маңызды өнім түрінде таныстыру;
<b>ҚК10</b>		қазіргі заманғы әлемде ұтқырлыққа икемді, сыни ойлау және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті жеке тұлға қалыптастырады.	- өмір бойы өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін жеке білім беру траекториясын құру, дене шынықтыру құралдары мен әдістері арқылы толыққанды әлеуметтік кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтын ұстауға бейімделу.
		<b>Базалық құзіреттіліктері</b>	<b>Оқу нәтижелері</b>
<b>ҚК11</b>	<b>Жаратылыстану ғылымдары және графика негіздері</b>	Студенттердің тұлғасын қалыптастыруға, олардың логикалық және алгоритмдік ойлау қабілетін дамытуға ықпал ету; Математикалық есептерді шешудің негізгі әдістерін қолдану, алынған нәтижелерді талдау; Студенттерге физиканың іргелі заңдары мен теориялық ережелерін қолдану білімі мен іскерлігін қалыптастыру; Электротехниканың, электржетектің және энергиямен жабдықтаудың негізгі заңдарын, тұрақты, синусоидалды токтың электр тізбектерін есептеу әдістерін және үшфазалы электр тізбектерін есептеу әдістерін меңгеру; Кәсіби қызметте жаратылыстану-ғылыми пәндердің негізгі заңдарын қолдануға ықпал ету.	- математикалық есептерді шешу тәсілдерін және теориялық тұжырымдарды шешімді іс жүзінде қолайлы нәтижеге жеткізе отырып тұжырымдау; - Электр тізбектерінің негізгі заңдарын, тұрақты және синусоидалды токтың электр тізбектерін есептеу әдістерін, үшфазалы электр тізбектерін есептеу әдістерін қолдану; - жылу алмасу процестері бойынша математикалық есептерді шешу, эксперименттік деректерді өңдеу және талдау; - нақты физикалық есептер мен жағдайларды шешу үшін теориялық білімді қолдану, физикалық эксперимент нәтижелерін талдау, аппараттық технология әдістерін қолдана отырып физикалық жағдайларды моделдеу; - жұмыс денелерінің жағдайын, термодинамикалық үрдістер мен циклдарды, жылу алмасу үрдістерін, аппараттарды және саланың басқа да негізгі техникалық құрылғыларын есептеуді үйрету.
<b>ҚК12</b>	<b>Ауылшаруашылық негіздері және экономика</b>	Ғылыми дүниетаным негіздерін қалыптастыруға, логикалық ойлауды дамытуға ықпал ететін жалпы теориялық пәндер саласындағы базалық білімдерді, физикалық процестерді талдау қабілетін, заманауи теориялық және Эксперименталды зерттеу әдістерін игеруге қатысуға қабілеттілігі мен дайындығын білу. Студенттердің ауыл	- негізгі мәдени өсімдіктерді, олардың жіктелуін, өсіру технологиясын және өнімділікті арттыру тәсілдерін білу; - ауыл шаруашылығы малдарының негізгі тұқымдарын және оларды өсіру және ұстау тәсілдерін білу.

		шаруашылық өндірісінде жұмыстарды орындаудың технологиясы мен тәсілдері туралы жалпы түсінігін қалыптастыруға ықпал ету, кәсіби қызметтің түрлі салаларында экономикалық білім негіздерін қолдану.	
<b>ҚК13</b>	<b>Материалтану және өзара ауыстырымдылық негіздері</b>	Бөлшектің жоғары сенімділігін қамтамасыз ететін қасиеттерді алу үшін материалды және оны өңдеу тәсілдерін, тәуелсіз дайындалған жанасатын бөлшектерді құрастыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін бұйымдарды дайындау принциптерін негізді таңдауға, жанасатын бөлшектердің жұмыс істеу жағдайларына байланысты әр түрлі отырғызуларды дұрыс есептеуге және тағайындауға ықпал ету.	<ul style="list-style-type: none"> <li>- металдар мен қорытпалардың құрылысы, қасиеттері арасындағы тәуелділікті, оларды термиялық және химиялық-термиялық өңдеу нәтижесінде қасиеттердің өзгеру заңдылықтарын анықтау;</li> <li>- бөлшектерді жасаудың операциялық картасын әзірлеу, рұқсатнамалар мен отырғызулардың бірыңғай жүйесінің кестесі бойынша дәлдік параметрлерін таңдау, машина бөлшектерін өңдеудің әр түрлі түрлерін орындау;</li> <li>- мемлекеттік стандарттау жүйесі мәселелерінде, оның негізгі ережелерінде, ғылыми-техникалық прогресті дамытуда, өндірісті қарқындатуда және шығарылатын ауыл шаруашылығы техникасының сапасын арттыруда ұғымдары мен рөлдерінде құзыретті болу.</li> </ul>
<b>ҚК14</b>	<b>Теориялық және қолданбалы механика</b>	Механикалық қозғалыстың іргелі заңдарын түсінуді және материалдық нүктелер мен денелердің тепе-теңдігін, оларды қазіргі заманғы техниканың нақты міндеттерін шешуде қолдануды қамтамасыз ететін жалпы құзыреттілік жүйесін қалыптастырады. Теориялық және қолданбалы механиканың негізгі заңдарын қолдана отырып инженерлік есептерді шешу дағдыларын қалыптастырады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>- абсолют қатты дене механикасының терминологиясын, негізгі түсініктерін және анықтамаларын, дене қозғалысының негізгі заңдарын түсіндіру;</li> <li>- жүктелген құрылғының есептік сызбасын, механизмнің кинематикалық сызбасын құру, статикалық, кинематикалық және динамикалық сипаттамаларды анықтау;</li> <li>- абстракция, жалпылау әдістерін, есептерді шешудің математикалық әдістерін меңгеру;</li> <li>- бөлшектер мен олардың элементтеріне әсер ететін жүктемелердің негізгі түрлерін, Конструкциялық материалдардың негізгі механикалық сипаттамаларын түсіндіру, машина бөлшектері мен тораптарының негізгі теориясын және есебін, олардың қасиеттері мен тораптар конструкцияларының рационалды параметрлерін таңдау кезінде қолдану негіздерін пайдалану;</li> <li>- есептеу моделін тиімді таңдау және</li> </ul>

			<p>конструкция бөлшектерінің жобалау және жұмысқа қабілеттілігін бағалау процесінде қажетті есептерді жүргізу; конструкцияны есептеу және талдаудың графикалық, графикалық-аналитикалық, аналитикалық және сандық әдістерін іс жүзінде қолдану, конструкция бөлшектерін беріктікке, қаттылыққа, орнықтылыққа есептеуді жүргізу және материал мен конструкция параметрлерін олардың жұмыс істеу қабілеттілігінің критерийлеріне қарай таңдау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- механизмдердің құрылымдық, кинематикалық, кинетостатикалық талдауын графикалық, графоаналитикалық және аналитикалық әдістермен орындау;</li> <li>- роботтар мен манипуляторлардың қозғалысы мен маневрлігін анықтау.</li> </ul>
<b>ҚК15</b>	<b>АӨК цифрландыру мен электр және жылу техникасы</b>	<p>Электротехниканың, электржетектің және энергиямен жабдықтаудың негізгі заңдарын, тұрақты, синусоидалды токтың электр тізбектерін есептеу әдістерін және үшфазалы электр тізбектерін есептеу әдістерін меңгеру;</p> <p>Кәсіби қызметте жаратылыстану-ғылыми пәндердің негізгі заңдарын қолдануға ықпал ету.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Электр тізбектерінің негізгі заңдарын, тұрақты және синусоидалды токтың электр тізбектерін есептеу әдістерін, үшфазалы электр тізбектерін есептеу әдістерін қолдану;</li> <li>- жылу алмасу процестері бойынша математикалық есептерді шешу, эксперименттік деректерді өңдеу және талдау;</li> <li>- нақты физикалық есептер мен жағдайларды шешу үшін теориялық білімді қолдану, физикалық эксперимент нәтижелерін талдау, ақпараттық технология әдістерін қолдана отырып физикалық жағдайларды моделдеу;</li> <li>- жұмыс денелерінің жағдайын, термодинамикалық үрдістер мен циклдарды, жылу алмасу үрдістерін, аппараттарды және саланың басқа да негізгі техникалық құрылғыларын есептеуді үйрету.</li> </ul>
		<b>Бейіндеуші күзіреттіліктері</b>	<b>Оқу нәтижелері</b>
<b>ҚК16</b>	<b>Технологиялық машиналар мен жабдықтар</b>	<p>Мал шаруашылығындағы технологиялық машиналар мен жабдықтарды құрылғыларда, әрекет ету қағидаттарында және баптауда түсінуді қалыптастырады;</p> <p>Қауіпсіздік техникасы,</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мал шаруашылығының Агротехнологиялық машиналарының әр түрлі модельдерін реттеу және жұмыс процестерінің нысанын, құрылымын, теориялық сипаттамасын білу;</li> <li>- мал шаруашылығында, мал шаруашылығы шикізатын өңдеу</li> </ul>

		<p>өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелерін және еңбек пен табиғатты қорғау нормаларын орындау бойынша дағдыларды қалыптастырады; Машина-трактор агрегаттарын, механикаландырылған процестерді және жалпы өндірісті басқару бойынша дағдыларды қалыптастырады.</p>	<p>және қайта өңдеуде машиналар мен жабдықтарды басқарудың сандық технологияларын пайдалану;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- еңбекті қорғау саласындағы ҚР нормативтік актілерінің негізгі ережелерін, өндірістегі еңбекті қорғауды басқару жүйесін көрсету;</li> <li>- еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың бұзылуына себепші болатын өндірістік процестерді білу;</li> <li>- қауіпсіздік мәселелерін шешу үшін қажетті мамандардың көпфункционалды қызметін қолдану;</li> <li>- өндірістік жарақаттанудың алдын алу бойынша нақты инженерлік міндеттерді шешу, қауіпті және зиянды факторлардан қорғау құралдарын қолдану тәсілдерін меңгеру;</li> <li>- өндірістегі ықтимал қауіп пен зияндылықты алдын алу және алдын алу;</li> <li>- экономикалық және ұйымдастырушылық сипаттағы шешімдер қабылдауды құру;</li> <li>- нарықтық жағдайларда субъектілерді әділ бағалау ережелерін қолдану;</li> <li>- экологиялық мониторингтің жай-күйі туралы автоматтандырылған ақпарат қоғамын, экономикалық және құқықтық мәселелерге негізгі теориялық тәсілдерді жетілдіру.</li> </ul>
<p><b>ҚК17</b></p>	<p><b>Өңдеуге және сақтауға арналған машиналар мен кәсіпорындарды жобалау</b></p>	<p>Өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің технологиясы мен техникалық құралдарын, шикізатты бастапқы өңдеу мен қайта өңдеудің, АӨК мал шаруашылығы, қайта өңдеу кәсіпорындарын жобалаудың түсінігін қалыптастырады.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- мал шаруашылығындағы технологиялық машиналар мен жабдықтардың нысанын, құрылымын, жұмыс процестерін және реттеуін білу;</li> <li>- машиналардың ақауларын анықтау, оларды жою бойынша операцияларды орындау;</li> <li>- ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау және сақтау кезінде инновациялық технологиялар мен техникалық құралдарды пайдалану;</li> <li>- ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау және сақтау кезінде қолданылатын жабдықтардың құрылымы мен жұмыс істеу принципі, жобалау кезінде технологиялық есептеу әдістері туралы білімді меңгеру;</li> <li>- АӨК мал шаруашылығы және қайта өңдеу кәсіпорындарын жобалаудың негізгі ережелері мен қазіргі заманғы әдістерін, техникалық тапсырманы</li> </ul>



